

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RHNW7036>**Б. Жақып¹, Қ. С. Мукушева², М. Б. Түсіпбаева³**

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Торайгыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК КӨКЖИЕГІ

Абай поэзиясы қазақ халқының ешқашан сарқылмайтын бай, асыл қазынасы екендігін өткен ғасырдың басында Алаш арыстары асқан ізденіспен сөз еткен. Абайтану ғылымының басында тұрған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Райымжан Марсеков, Мұхтар Әуезов тағы басқа ардақтыларымыздың қай-қайсысы да ұлы ақын шығармашылығының басты құндылығын ашып көрсеткендігі мақалаға арқау болған. Абай барша адамзаттың игілігі. Мақалада Абай поэзиясы – мәңгілік, даналық, махаббат пен адалдықты өзегіне арқау екендігін жеткізген. Соңғы зерттеулерде Абайдың рухани ізденістері терең ашылып, оның ұлттық рухани қалыптасуындағы ролі айқындалды.

Өмірдің түрлі құбылысына өлеңі арқылы өткір де сергек ойын айтқан ол халықтың ой-өрісін дамытатын бейне жасады. Абай шығармаларын зерттей отыра өлеңінің көркемдік қуаты, тақырыптары эралуандығына қарап өмірдің қыр-сырын, өткенін, болашағын тани білгендігіне ой жүгіртесің. Адамдардың сан қыры, портреттері, ел адамының, шаруа адамының, билік адамының тұрмысы көркем тілмен тұтаса кеп, Абайдың болмысын ашатынына, дүниетанымын тануға болатыны айтылған.

Кілтті сөздер: Абай поэзиясы, жарық жұлдыз, тұңғыық ойлар, жаңашылдық, Алаш ардақтылары, парасат иесі, рухани жан-дүние, поэзия көркемдігі.

Кіріспе

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың туғанына 175 жыл толып отыр. Абайды қайыра оқып, оның тұңғыық ойларына қайта үңілу арқылы біз өзіміздің рухани әлемімізді байытқан үстіне байытып келеміз. Абай поэзиясы

қазақ халқының ешқашан сарқылмайтын бай, асыл қазынасы екендігіне өткен ғасырдың басында Алаш арыстары әлдеқашан көз жеткізген. Абайтану ғылымының басында тұрған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Райымжан Марсеков, Мұхтар Әуезов тағы басқа ардақтыларымыздың қай-қайсысы да ұлы ақын шығармашылығының басты құндылығын ашып көрсетіп берді. Сонау 1913 жылы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынов: «Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық», – деп жазған еді. Міржақып Дулатов болса – 1914 жылы Абайдың дүниеден озғанына 10 жыл өткенде жазған «Абай» атты мақаласында: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бірнәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай», – дейді. 1915 жылы Нұрғали, Нәзипа Құлжановтардың ұйымдастыруымен Семей қаласында әдеби кеш өтеді. Сонда жасаған баяндамасында Алаш ардақтыларының бірі Райымжан Марсеков Абай шығармашылығын былай бағалайды: «Біздің қазақ әдебиетінің осы кезге шейінгісін үш дәуірге бөлуге болады: бірінші дәуірі – ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез... Енді әдебиеттің екінші дәуірі келеді. Бұл екінші дәуірі жазудың халық арасына көбірек таралған заман... Түрлі-түрлі кітаптар таралып, тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбаға түсіп, жақсы сөзге жұрт жаман көзбен қарап, кітапшаны үлгі қыла бастаған...

Зерттеудің нысаны: Қазақ әдебиетінің үшінші дәуірінің жаңалығы

Зерттеудің пәні: Абай поэзиясының көркемдігі

Мақсаты: Абайдың әдебиетіміздегі жаңашылдықтың басы екендігі, көркемдік көкжиегінің мүлдем соны шымылдығын ашқандығы тарихи даусыз хақиқат екендігін айту

Міндеттері:

– Абай ойларының алуан иірімдері ақыл-сананың жаңаша молығуына, рухани жан-дүниенің толығына жетелейтінін көрсету

– Абай поэзиясының көркемдігінің бір қыры – оның бейнелілігі, образдылығы екенін жеткізу.

Өстіп әдебиетіміз төмендеп, тіл болса кедейленіп бара жатқан уақытта ардақты Абай шығады. Қазақ әдебиетін көркейтіп, түрлендіріп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, ішіне жел кіргізіп, сөз қадірін танытқан осы Абай болды. ...Абай марқұмнан бері қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталды».

Айтылғанына ғасырға жуық уақыт өтсе де Алаш ардақтыларының Абай шығармашылығы туралы осы толғамдары дәл бүгінгідей ақиқат десек қателеспеспіз.

Абай шын мәнінде көненің барша інжу-жәуһарларынан нәр алған, казак әдебиетіндегі жаңалықтың басы болған Тұлға екендігін оның жазғандары дәлелдеп береді. Абайды әр оқығанда, оның өлеңдерінен әр адам өз өміріне қатысты, бүгінгі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге тікелей байланысты, жаңа бір жұмбақты ашады. Кеше оқығанда байқамаған бір ойдың шешуін бүгін немесе ертең табамыз. Абай ғұламалығының сыры да сонда жатыр. Осының бәрі Абай поэзиясының көркемдігінен бастау алады.

Абай есімін, шығармашылығын әлемге әйгілеген академик М. О. Әуезов: «...ақын халқының бүкіл рухани қатынасын терең көркемдік-сыншылдықпен қайта қарап, өзінің ақындық жаңа программасын ұсынды. ...Абай бірде-бір өлең жолында халық творчествосының қалыптасқан дәстүрлі сөз жүйесі мен ақындық ой-бітімін қаз-қалпында ала салмайды. Абай ауыз әдебиетіндегі сөздерді де, образ жүйесін де, стиль тәсілдерін де тереңдетіп, жаңа ой, сезімдермен толықтырады, оның өлеңдерінде өзгеше бір идеялар мен жан сезімдері жүреді... Ол өзіне дейінгі дидактикалық, уағыз поэзиясының канондарын бұзды...» – деп жазыпты. Абайдың әдебиетіміздегі жаңашылдықтың басы екендігі, көркемдік көкжиегінің мүлдем соны шымылдығын ашқандығы тарихи даусыз хақиқат екендігі дәлел тілемейді.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Абай шығармаларының көркемдігінің басты өлшемдерінің бірі – ақын ойларының жаңалығында.

Бұрын-соңды айтылмаған тың ойлар- Абай парасаты биіктігінің айғағы. Ал сол ойлардың бәрі – адамзаттың ғасырлар бойғы биік мұраттарымен ұштасып жатса, ол Абайдың қазақ санасын шыңға алып шығатын ғажайыптығы.

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұлабойды ыстық жүрек.
Токтаулылық, талапты шыдамдылық –
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Міне, бұл елден ерек, жұрттан оқшау биік, парасат иесі болуға нұсқар жол. Абай айтқан «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» азаматтарымыз көбейсе, ұлтымызды ұшпаққа шығаратын да сол жандар екеніне іштей мойын ұсынасың.

Жарқ етпес қара көңілің не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да .

Ғашықтық дертін дәл осыдан артық асыра айту мүмкін емес те сияқты. Өйткені мұнда шын ғашық адам санасынан құйылып түскен ой сәулелері бар. Абай жыры сонысымен де нұрлы, сонысымен де құнды.

Балалық өлді білдің бе?

Жігіттікке келдің бе?

Жігіттік өтті, көрдің бе?

Кәрілікке көндің бе?

Кім біледі, сен кәпір,

Баяндыдан сөндің бе?

Баянсызға төндің бе?

Әлде айналып, кім білер,

Боталы түйе секілді

Қорадан шықпай, өлдің бе? – Абайдың осы бір замансауал тастай отырып айтқан ойының салмағы ше? Бүкіл адам ғұмырын дәл осылайша он жол өлеңге сыйғызып беруге Абай ойының ғана дәрмені жетпек. Бұл бұрын болмаған, айтылмаған тың ой екендігіне шүбә келтіре алмайсыз.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

«Мені» мен менікінің айырылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес, – алдыңғы мысалымыздағы ой бұрынғыдан да тереңдей түседі, енді адам дүниеден озғаннан кейінгі «жан» мен «тәннің» бөлінуі туралы, адам рухының өлместігі туралы ойды Абайдай дәл, Абайдай нақ айтқан ақынды кездестіре алмайсыз. Абай ойларының алуан иірімдері әр оқушыны өз тереңіне тартады. Оған сүңгіген сайын өз ақыл-сананың жаңаша бір оймен молығып, рухани жан-дүниенің байығандығын байқасаң, ол құдайдың берген мол несібесі деп білу керек.

Абай поэзиясының көркемдігінің тағы бір қыры – оның бейнелілігі, образдылығы.

...Жарқ-жүрк етіп екеуі айқасады,

Жеке батыр шыққандай қан майданға,

Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы

Адам үшін батысып қызыл қанға.

Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға....

Немесе

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.

Жіңішке қара қасы сызып қойған

Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,
Күлкисі бейне бұлбұл құс сайрайды, – болып кете береді.

Ал «Аттың сынын» да Абайдай өлең сөзге түсірген ақын жоқ. Кейін Абай мектебінен нәр алған Мағжан ақын Абайдың ғашықтық лирикасын дамытуға құлаш ұрса, Илияс ақын Абайдың бейнелілік қырын мол сіңірген алапат жырларын жазды, әрі оны эпикалық кең тыныстылыққа ұластырды.

«Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанда көз алдына сол жақсы аттың өзі тұрғандай пішіні келіп елестейтіні – жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан...», – деп көрсетіпті Ахмет Байтұрсынов.

Шын мәнінде:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,

Тоятпаған бүркіттей салқы төсті, – деп кете беретін өлең жолдарынан жүйрік атқа тән қасиеттің бәрін көресің.

Алдыңғы келтірген мысалдарымыздың бірінде Аңшылықтың сырына қанығып, бүркіт салғандағы сәттерді елестетсек, екінші өлеңде қазақтың қаса сұлуының бейнесін көргендей боласың.

Абай өлеңдерінің бейнелілігі ондағы көркемдік құралдардың мол қолданылуынан аңғарылады. Ұлы ақын жырларында теңеу мен эпитеттің метафора, метонимияның, синекдоханың, аллитерация мен ассонанстың, гипербола мен литотаның, басқа да бейнелеу құралдарының сан алуан үздік мысалдарын тауып көрсетуге әбден болады. Соның бәрі тек Абайдың өз жан-дүниесінен төгіліп түскендігімен де бағалы.

Жаңағы мысалдарда біз жанды дүние образына қанықсақ, енді бір шоғыр өлеңдерде Абайдың жансызды жандыға айналдыратын шеберлігінің де куәсі боламыз.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Немесе

«Қалың ағаш жапырағы
Сыбдырласып өзді-өзі»,
«Тау жаңғырып, ән қосып,
Үрген ит пен айтаққа»,
«Күлімсіреп аспан тұр,

Жерге ойлантып әрнені», – деген сияқты өлең жолдарынан «кәрі құда – қыс» бейнесін, «жан біткен жапырақ» келбетін, «ән қосқан тау» тұлғасын, «күлімсіреген аспан» кейпін танымыз. Бұл Абай ұлылығын асқақтата, аспандата түсетін бейнелі жолдар.

Қорытынды:

Абай поэзиясының мазмұнындағы, идеясындағы, тілі мен стиліндегі көркемдік белгілердің әрқайсысын да жеке-жеке алып талдап, таразылап көрсету керек-ақ. Ең бастысы Абай поэзиясының көркемдік көкжиегі соншалықты әсем де әуезді, кең әрі шексіз болып көрінеді маған.

Абайдың дүниеден өткеніне 10 жыл толған кезінде (яғни, 1914 жылы) Міржақып Дулатов: «Егер Абай қазақтан өзге образды жұрттардың бірінің ақыны болса сегіздегі баласынан сексендегі шалына шейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына 10, 25, 50, 100 жыл толған сайын бүтін жұрт ескеріп, матбұғаты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді. Не шара!...», – деп күйіне келіп, «Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөз атадан – балаға, немереден – шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...» – деп ұрпаққа үміт арта кеткен екен. Сол арыстарымыздың айтқаны келді, арманы орындалды. Тәуелсіздігіміздің арқасында Абай әлем әдебиетінен де өз орнын алып отыр. Абайды бұдан да зор ұлықтайтын күндер алда. Сол үміттің ақталғандығының, арманның орындалғанының көрінісі – Абай хакім рухын ел болып ұлықтап, атына қала, аудан, көше, әуежай, мектеп бергендігіміз, кітаптарын әлем тілдеріне аударып, шығармаларын насихат етуіміз, өлеңдерін бүкіл халық болып жатқа оқып, әндерін шырқап, күйлерін шертуіміз, қабіріне тағзым етіп, әруағына құран бағыштауымыз, оның өсиетіне құлақ асуымыз. Бұл шаруалар-болар елдің балалары жасар өнегелі іс. Бұл тарапта атқарылар іс әлі де алда. Абай тойы, халық тойы, ел тойы, руханият тойы құтты болсын!

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Байтұрсынов, А.** Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.
- 2 **Дулатов, М.** Абай // Қазақ. – 1914. № 67. – 23 июнь.
- 3 **Марсеков, Р.** Қазақ әдебиеті кеші // Қазақ. – 1915. № 112. – 28 март.
- 4 **Абай.** Энциклопедия. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, Атамұра, 1995. – 720 б.
- 5 **Абай (Ибраһим Құнанбаев).** Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы : Жазушы, 1986ж, – 304 б.
- 6 **Ахметов, З.** Абайдың ақындық әлемі. – Алматы : Ана тілі, 1995. – 272 б.
- 7 Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы : Ғылым, 2002. – 274 б.
- 8 **Жақып, Б.** «Қазақ» газетіндегі Әлихан Бөкейхановтың көсемсөзі. № 1, наурыз Айқап журналы
- 9 **Жақып, Б.** Алаш деп соққан жүрегі. № 6, Ақиқат журналы 2017.
- 10 **Мукушева, Қ.** Алаш арыстарының армантәуелсіздіктің ақ таңы «XVII Сатпаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары Т.16. – 2016. – 540–545 б.

References

- 1 **Baitursynov, A.** Shyǵarmalary. [Works Of A. Baitursynov]. – Almaty: writer, 1989. – 320 p.
- 2 **Dýlatov, M.** Abai // Qazaq. [Dulatov M. Abay] // Kazakh. – 1914. № 67. – June 23.
- 3 **Marsekov, R.** Qazaq ádebieti keshi. [Marsekov R. evening of Kazakh literature] // Kazakh. – 1915. № 112. – March 28.
- 4 **Abai.** Ensiklopedia. [Be careful. The Encyclopedia]. – Almaty : Main editorial office of the «Kazakh encyclopedia», Atamura, 1995. – 720 p.
- 5 **Abai (Ibrahim Qunanbaev).** Eki tomdyq shyǵarmalar jinaǵy. Birinshi tom. [Abay (Ibrahim Kunanbayev). Collection of works in two volumes. The first volume]. – Almaty : Writer, 1986, – 304 p.
- 6 **Ahmetov, Z.** Abaıdyń aqyndyq álemi. [«I don't know» he said]. – Almaty : Native language, 1995. – 272 p.
7. Qazirgi Abaitanýdyń ózektı máseleleri. [Actual problems of modern Abay studies]. Almaty : Nauka publ., 2002. – 274 p.
- 8 **Jakyp, B.** «Qazaq» gazetindegi Álıhan Bókeıhanovtyń kósemsózi. [B. Zhakyp. Chief quote of Alikhan Bukeikhanov in the magazine «Kazakh»]. № 1, March Aikap.
- 9 **Jakyp, B.** Alash dep soqqan júreǵi. [B. Zhakyp. «I don't know» he said]. No. 6, Aqiqat magazine 2017. Aqiqat magazine.

10 **Muqysheva, K.** «XVII Sátbaev oqýlary» Halyqaralyq ғылым konferensiasynuyń materialdary. [K. Mukusheva. Proceedings of the international scientific conference «XVII Satpayev readings»]. Т. 16. – 2016. – 540–5456.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

Б. Жакып¹, К. С. Мукушева², М. Б. Тусунбаева³

Художественный горизонт поэзии Абая

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

B. Zhakup¹, K. S. Mukusheva², M. B. Tusupbaeva³

Artistic horizon of Abay's poetry

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Toraigyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Kazakh National Women's Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 10.12.20.

Уже в начале прошлого столетия поэзия Абая стала великим достоянием казахского народа. У истоков абаеведения стояли такие ведущие деятели великой степени как Алихан Букейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Раимжан Марсеков, Мухтар Ауэзов. В этой статье раскрыта главная ценность творчества великого поэта. Абай – достояние всего человечества. Его поэзия – поэзия вечности, поэзия мудрости, любви и верности. В исследованиях последних лет глубоко раскрыты духовные искания Абая, определена его роль в Национальном духовном становлении. Он создал образ, развивающий мышление народа, выразив через стихи острую и бодрую мысль на различные явления жизни. Изучая произведения Абая, размышляешь о художественной силе, разнообразии тем, о том, как он познавал жизнь, прошлое, будущее. В статье рассказывается о многообразии людских качеств, портретах, о быте человека,

которые раскрывается в стихах Абая, а так же через творчество познается и его мировоззрение

Ключевые слова: поэзия Абая, светлая звезда, бездонные мысли, новаторство, Алаш ардақтары, мудрые мысли, духовность, красивая поэзия.

Already at the beginning of the last century, Abay's poetry became a great asset of the Kazakh people. Such leading figures of the great steppe as Alikhan Bukeikhanov, Ahmet Baitursynov, Myrzakyp Dulatov, Raimzhan Marsekov, Mukhtar Auezov were at the origins of Abay studies. This article reveals the main value of the great poet's work. Abay is the heritage of all mankind. His poetry is the poetry of eternity, the poetry of wisdom, love, and loyalty. In recent years, research has revealed Abai's spiritual quest and defined his role in the National spiritual development.

He created an image that develops the people's thinking and expressed a sharp and cheerful thought through a poem on various phenomena of life. Abay's works, studying, you think about the artistic power, variety of topics, how he learned about life, the past, and the future. We can learn more about Abay's outlook through his creative work.

Keywords: Abai's poetry, bright star, bottomless thoughts, innovation, Alash ardary, wisdom, spirituality, beautiful poetry.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz